

АНА ТІЛІ 3

және оқу сауаттылығы

Жалпы орта білім беретін
мектептің
3-сыныбына арналған
жаттығу дәптері

Өзбекстан Республикасы
Халыққа білім беру министрлігі
баспаға ұсынған

Жаңа басылым

Ташкент – 2022

УЎК 811.512.122(075.3)
81.2(5Qoz)я72
КБК 81.2(5Qoz)я72
А 14

Құрастырушылар:

Н.Абдувалитов, М.Байтураева

Пікір жазғандар:

- А. Нисанбаева – Низами атындағы ТМПУ доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты.
- З. Сарсенова – Төменгі Шыршық ауданы 12-мектеп бастауыш
сынып оқытушысы.
- А. Буртешова – Ташкент облысы, Бостандық ауданына қарасты
53-мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні
оқытушысы.
- У. Сиздикова – Қыбырай ауданына қарасты 9-мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
- А. Ганиева – Қыбырай ауданына қарасты 9-мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.

Ана тілі және оқу сауаттылығы 3-сынып [Мәтін] жаттығу дәптері/
Н.Абдувалитов. [тағы басқ.] – Ташкент: Республикалық білім орта-
лығы, 2022. – 96 б.

*Республикалық мақсатты кітап қорының қаржысы
есебінен басылды.*

*Оригинал макет және дизайн концепциясын
Республикалық білім орталығы жасады.*

ISBN 978-9943-8066-5-8

© Республикалық білім орталығы, 2022

I ТАРАУ.

МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫ

1-жаттығу. Оқулықтан пайдаланып, түсіп қалған сөздерді тауып жаз.

Отан – сенің, _____
 Отан – досың, бауырың.
 Отан – өлкең, _____
 Отан – аудан, ауылың.
 Отан – тарих, Отан – тіл
 Жасаған _____, ер халқың.
 Отан – өлең, Отан – жыр,
 Көтерген _____ ел даңқын...

2-жаттығу. «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» мәтініндегі бірінші хатбасын көшіріп жаз.

3-жаттығу. Берілген сөздерден сөйлем құрастыр. Тыныс белгілерді қойып жаз.



4-жаттығу. Сұраққа жауап жаз.

Сөйлеу тіл арқылы жүзеге асады. Тіл арқылы не істейміз?

5-жаттығу. Мақалдың жалғасын тап.

Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің _____

Отан-оттан да _____

Егеменді елдің еңсесі _____

6-жаттығу. Қажетті сөздерді тауып жаз.

Тілдің ең негізгі, яғни бірінші қызметі адамдардың бір-бірімен _____, бір нәрсе жайында пікір _____. Екінші қызметі – адамдардың қоршаған орта жөніндегі өз ойларын тіл арқылы _____. Үшінші қызмет – адамның өзінің бір нәрсе туралы көзқарасын күйініші мен сүйінішін, жақсы көру, жек көру сезімдерін тіл арқылы _____.

ТАПҚЫР БАЛАЛАР

7-жаттығу. Адасқан сөздерді дұрыс орналастыр қандай мақал шығады? Дауысты дыбыстардың астын сыз.

Жан жұмыс қиналмай бітпес,

қылмай мұратқа Талап жетпес.

8-жаттығу. «Өнерлі бала» әңгімесіндегі қарияның жауабын тауып жаз. Жуан дауысты дыбыстардың астын сыз.

9-жаттығу. Алдымен бірыңғай жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді, сонан соң бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді көшіріп жаз.

Көлік, өнер, талап, бірлік, Отан, ынтымақ, жастық, еңбек, жұмыс, жалын, оқу, білім, жігіт, ерте, уақыт, жүйрік, заман, жұрттар, ел, қызық, ізгілік.

10-жаттығу. Өлең жолдарындағы қысаң дауысты дыбыстардың астын сыз және өнер туралы мақалдар жаз.

Өнер – өзен, жан – тәніңді шаятын,
 Өнер – өріс, рухыңды жаятын.
 Өнер – өмір, әлдилейтін санаңды,
 Өнер – өткел, серуендейтін саятың.

11-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап. Сызықшаның орнына тиісті ашық дауысты дыбысты қой.

С _____ зі – дан _____, үні ж _____, қ,
 С _____, йлемейді, — тілі ж _____, қ.
 Қолың _____, а, лс _____, ң шешен,
 Ақылы, асқ _____, н қ _____, сем. (_____)

12-жаттығу. Берілген сөйлемдерді көшіріп жаз. Осы сөйлемдердегі сөздердің ішіндегі еріндік және езулік дыбыстарды өз қатарына жаз.

Біз жан-жақты білімді, өнерлі болғымыз келеді.



Біз спорты сүйеміз, салауатты өмір салтын ұстанамыз.



Еріндік дауыстылар: _____
 Езулік дауыстылар: _____

ҚОҒАМДЫҚ ТРАНСПОРТТА

13-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап. Жұмбақтың жауабы болған сөздің дауысты дыбысына дыбыстық талдау жаса.

Жердің жүзін шарлайсың
Онсыз еш жерге бармайсың
Көлікпен де, жаяу да
Саралайсың, таңдайсың. (_____)

14-жаттығу. Тыныс белгілерді дұрыс қойып жаз.

Бағдаршам – өмірімізді апаттан сақтандыратын жалғыз көмекшіміз оның сырын біліп тілін алу баршамыздың міндетіміз қазіргі бағдаршамның жасы жүзден асты оның кескін келбеті де құрылысы да әлденеше рет жаңартылды ол жол қозғалысына қатысушыларға өз жорығымен бағыт сілтейді.

15-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап. Жұмбақтың жауабы болған сөзге дыбыстық талдау жаса.

Үш көзді батыр, жолды аңдып жатыр.


()

Үлгі: жол – бір буын, үш әріп, бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс.

16-жаттығу. Суретке зер сал. Қоғамдық көлікте өзін тұту ережесін жаз.



17-жаттығу. Төменде берілген сөздерге дыбыстық талдау жаса.



Үлгі: Жол – бір буын, үш әріп, бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс.

Ж – дауыссыз дыбыс, ұяң дауыссыз дыбыс.

О – дауысты дыбыс, жуан, ашық, еріндік дауысты дыбыс.

Л – дауыссыз дыбыс, үнді дауыссыз дыбыс.

18-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап және көркем жаз. Дауысты дыбыстардың астын қызыл түсті қаламмен, дауыссыз дыбыстардың астын көк түсті қаламмен сыз.

Көше бойлап аяндайды,
Адам тасып, аялайды. (_____)

19-жаттығу. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2. Дауысты дыбыстардың қандай түрлері бар?

3. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін жаз.

II ТАРАУ. ТАБИҒАТ СЫЙЫ ӨЗБЕКСТАН ТАБИҒАТЫ

20-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді тауып жаз. Ашық дауысты дыбыстардың астын бір сызықпен, жіңішке дауысты дыбыстардың астын екі сызықпен сыз.

Бақа көлінде патша,
Балық суында
Жігіт елінде

Пәлен жерде алтын бар,
Өз жерінде ... бар.

21-жаттығу. «Кім күшті» ертегісіндегі жан-жануарлар мен құстар, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді жаз.

22-жаттығу. Берілген сөздердің тура және ауыспалы мағынасын жаз.

үй

ара

шаш

жастық

23-жаттығу. Берілген сөздерге синоним сөздер тауып жаз.

әдемі – _____,	айнала – _____,
байсалды – _____,	тұңғыш – _____,
үні – _____,	ұстаз – _____,
білді – _____,	жүздесті – _____.

24-жаттығу. «Жер тауға шағынды» мәтініндегі сұраулы сөйлемдерді көшіріп жаз.

25-жаттығу. Синоним сөздерді тауып жаз.

Үлкен, ертеде, келбет, таңда, зат, мықты.

АНТАРКТИДА

26-жаттығу. Сурет негізінде антоним сөздерді жаз және жалғастыр.



27-жаттығу. Кестені толтыр.

Сөздер	Синоним	Сөздер	Антоним
Айлакер		Жоқ	
Ойла		Дұрыс	
Ел		Келеді	
Алыс		Аз	
Балапан		Ашты	
қария		жақсы	

28-жаттығу. Кестені толтыр.

Сөздер	антоним
ақ	
сулы	
әдепті	
жалқау	
ұзын	
көрікті	

29-жаттығу. Омоним сөздерді тап. Сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

күл

тай

сапар

кел

берік

жүз

қыс

түс

30-жаттығу. Суретке зер сал. Оқулықтан пайдаланып мәлімет жаз.



31-жаттығу. Суретке зер сал. Бұл құстар туралы қандай мультфильмдер бар? Мультфильмдердің атын жаз.



ӘЛЕМДЕГІ МҰХИТТАР

32-жаттығу. Сөйлемнің шекарасын анықта және тиісті тыныс белгілерді қой.

Суды қалай сипаттауға болады Оның дәмі де түсі де иісі де жоқ Мен күн сайын суды пайдаланамын қолымды жуамын душ қабылдаймын және сусын ретінде қолданамын Сусыз өсімдіктер жануарлар және адамдар тіршілік ете алмайды Ежелгі адамдар өзендердің қасында не үшін қоныстанғанын түсіндім Ол адамдарды ыстықтан сақтап егін өсіруге көмектескен су болмаса адамзат қалай өмір сүретін еді Мұны елестету өте қиын.

Әлемнің кейбір мемлекеттерінде бір су тамшысы алтыннан құнды Сондықтан адамдар сусыз өмір жоқ екенін түсініп оған құрметпен және қамқорлықпен қарауын қалаймын Табиғат берген сыйды сақтау қажет.

33-жаттығу. Сұраққа жауап жаз.
Сөйлем дегеніміз не?

34-жаттығу. Хабарлы сөйлемдерді көшіріп жаз.

- Газет парақтарын шығару үшін 300 литр су кетеді.
- Судың да сұрауы бар.
- Қызанақтың 90 пайызы судан тұрады.
- Сиырдан 1литр сүт алу үшін 5 литр су кетеді.
- Суды үнемдеп пайдалан.
- Құрамында газ мөлшері көп болса суда өртенеді.
- Суға қоқыс тастама.

35-жаттығу. Берілген мақалдардың жалғасын тауып жаз.

Су ішетін арығы жоқ елдің

Жел қуалап от жанар.

Сай қуалап су ағар

Су төккеннің жауабы бар.

Су бергеннің сауабы бар

Сүзіп алатын балығы жоқ.

36-жаттығу. Жұмбақтардың шешуін тап. Жұмбақтардың жауабы болған сөзге дыбыстық талдау жаса.

Аяғы жоқ жүреді
Сылқ-сылқ күледі. (_____)

Отқа жанбас,
Суға батпас. (_____)

37-жаттығу. Сөйлемдерді мұқият оқып шық. Хабарлы сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қазіргі уақытта, еліміздегі әрбір үй сумен қамтамасыз етілген. Біз қалаған уақытымызда шай қайнатуға, кір жууға немесе үйді тазартуға мүмкіндігіміз бар. Мүмкін осыған байланысты

судың қадірін түсінбейтін шығармыз? Біз оны үнемдемейміз, шүмекті (кранды) ұзақ уақытқа ашып қоямыз. Ал, Африка тұрғындары су тапшылығынан үлкен зардап шегеді екен.

ӘМУДАРІЯ ӨЗЕНІ

38-жаттығу. Сұраулы сөйлемдерге жауап жаз.

Ертеде Әмудария өзені қандай болған?

Елтаңбада қай өзендер бейнеленген?

Әмудария қайда барып құйылады?

Әмударияны не үшін «Құт-береке» өзені деп те атайды?

39-жаттығу. «Өзен» өлеңінен пайдаланып сұраулы сөйлем құрастыр.

40-жаттығу. Сызықшаның орнына көңіл-күйді білдіретін сөздерді тауып жаз.

1. _____, сол жерді көріп қайтсам ғой!
2. _____, неткен сұлу табиғат!
3. _____, қозым табылды!
4. _____, сұлулық деп осыны айт!

41-жаттығу. Берілген сөйлемдерді мұқият оқы. Қандай сөйлем? Жалғастыр.

Шомылуға бармас бұрын, қарныңды тойдырып ал. Ойын аяқталған соң сабағыңды оқы. Демалыс күндері анаңа үй шаруасын істеуге көмектес. Кітаптың елу жетінші бетін ашып, ережені оқы.

42-жаттығу. Сөйлем түрлеріне мысал жаз.

Хабарлы сөйлем:

Сұраулы сөйлем:

Лепті сөйлем:

Бұйрықты сөйлем:

III ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ – ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

43-жаттығу. Берілген буындардан мақал құрастыр.

Дерт

бір

ден

көп

лық

еу

сау

шы

саң

нық

мыр

бо

шы

ла

сың

44-жаттығу. Әр сөзі к әріпінен басталатын зат есімдерді тауып жаз.

К					
К					
К					
К					

45-жаттығу. Сурет негізінде сөйлем құрастыр. Зат есімдердің астын сыз



46-жаттығу. Мысал келтір.

Жалқы есім:

Жалпы есім:

47-жаттығу. Кестені толтыр.

Кім?	Не?

48-жаттығу. Кестені толтыр

Кім?	Кімдер?	Не?	Нелер?

49-жаттығу. Мысал келтір.

Негізгі зат есім	Туынды зат есім

50-жаттығу. «Дәрумендер тірегің» өлеңінің алғашқы шумағын көшіріп жаз. Зат есімдердің астын сыз.

51-жаттығу. Кім? Не? Кімдер? Нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сыз.

Мен **«А»** дәруменімін. Мен асқабақта, өрікте, қызанақта, салатта, сендер күнде ішіп жүрген айранда боламын. Мені күнде өз тағамдарында қолданған балалардың көздері жақсы көретін болады. Бойларына күш қуат беремін.

Ал мен, **«В»** дәруменімін. Мен балықта, картопта, асбұршақта, сиыр етінде, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. **«В»** дәруменін қолданған баланың ішкі құрылыстары, жүйке жолдары, қан айналымдары күшейіп, жақсы жүгіретін болады.

52-жаттығу. Суретте берілген көкөністер жайлы мәлімет жаз.



53-жаттығу. «Дәрумендер қайда бар?» өлеңіндегі жемістер мен көкөністердің атын жаз және сөйлем құрастыр.

54-жаттығу. Зат есім тудыратын **-шы, -ші, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік -ша, -ше, -шық, -шік, -хана, -кеш, -стан** жұрнақтарына мысал келтіріп жаз.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙМИЗ

55-жаттығу. Берілген дара зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Жер

су

табиғат

ауа

от

жел

күн

56-жаттығу. Өз ойыңмен бөліс. Ағаштардың бұл күйге түсуіне не себеп болды? Дара зат есімдердің астын сыз.



57-жаттығу. Арал теңізін қалай қалпына келтірсек болады?
Өз жобанды жаз.



58-жаттығу. Мысал келтір.

Дара зат есім	Күрделі зат есім

59-жаттығу. Берілген күрделі зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Бала-шаға, ата-ана, сары май, бәйтерек, бәйшешек.

60-жаттығу. Дара зат есімдерді күрделі зат есімдерге айналдыр.


Дара зат есім	Күрделі зат есім
жауын	
ел	
қол	
шай	
ақ	
қайың	
бала	
бел	
сары	

ВИРУС БҰЛ НЕ?

61-жаттығу. Мысал келтір.

Деректі зат есімдер	Дерексіз зат есімдер

62-жаттығу. Суретке зер сал. Сөйлем құрастыр. Деректі зат есімдердің астын бір сызықпен, дерексіз зат есімдердің астын екі сызықпен сыз.



63-жаттығу. Сұрақтарға жауап жаз. Зат есімдерді тап.
Вирустар қайда өмір сүреді?

Вирустар адамдарға қалай жұғады?

Вирустардан сақтану үшін не істеуіміз керек?

64-жаттығу. Суретке зер сал. «Тазалық еліне аттанайық» тақырыбында мәтін құрастыр.



65-жаттығу. Жалғастыр. Тыныс белгілерді қой.

Бірінші байлық – _____
Екінші байлық – _____
Үшінші байлық – _____

66-жаттығу. «Бұл баланы кім дейді?» өлеңінің бірінші шумағын көшіріп жаз. Екінші, үшінші, төртінші шумақтарының жауабын жаз.

67-жаттығу. Семантикалық картаны толтыр. Дұрыс деп тапқан жауабыңа + белгісін қой.

Зат есім	Жалпы зат есім	Жалқы зат есім	Негізгі зат есім	Туынды зат есім	Дара зат есім	Күрделі зат есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім
әнші								
Асан								
Жәмила								
белбеу								
көкпар								
аспаз								
Аға-іні								
қиял								
ой								
қалам								
арман								
кітап								
Теміржол								
аққу								

IV ТАРАУ. МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ ЖАЛҚАУЛЫҚ ЖАМАН ІНДЕТ

68-жаттығу. Жаңылтпашты көшіріп жаз. Сын есімдердің астын ирек сызықпен сыз.

Жасыл көктем
Жасыл жіппен
Жақсы тіккен.

Жібек көрпе жамылдырды,
Жасыл өңге малындырды.

69-жаттығу. «Жалқау мысық» әңгімесіндегі сын есім қатысқан сөйлемдерді тауып жаз.

70-жаттығу. Берілген сөздерді өз тобына ажыратып жаз. Жалғастыр.

Ақ, жасыл, тәтті, биік, үлкен, жұмсақ, сары, аласа, төмен, кіші, сұр...

Заттың түсін білдіретін сөздер: _____

Заттың көлемін білдіретін сөздер: _____

Заттың дәмін білдіретін сөздер: _____

Заттың сапасын білдіретін сөздер: _____

Заттың күйін білдіретін сөздер: _____

71-жаттығу. Дара сын есімдерді күрделі сын есімге айналдыр.

Дара сын есімдер	Күрделі сын есімдер
Сұр	сұп-сұр
Үлкен	

Жасыл	
Тәтті	
Кең	
Таза	
Сары	
Жақсы	

72-жаттығу. Берілген сөздерге қарама-қарсы мағынада қолданылатын сын есімдерді тап.

Үлкен-_____, биік-_____, ақ-_____,
 алыс-_____, жақсы-_____, тәтті-_____,
 кең-_____, ыстық-_____, жарық-_____,
 әдепті-_____, ақылды -_____.

73-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Сын есімдердің астын сыз.

Аппақ пен Сатпақ
 Анау бала аппақ қой,
 Мынау бала сатпақ қой!
 Аппақ бала сабырлы,
 Ұқыпты ғой қадірлі.

Әкім Ысқақ

74-жаттығу. Заттың сынын білдіретін сөздерді тауып жаз.

Қандай?	Кім? не?
	Азамат
	қарға
	түлкі
	Айдос
	Жәмила
	Берік
	қоян
	арыстан

75-жаттығу. Әр зат есімге бірнеше сын есім жаз.

_____ > оқушы _____ > бөлме
 _____ > _____ >
 _____ > _____ >

76-жаттығу. Көркем жаз, сын есімдерді тауып сұрақ қой.

Абай атам

Жатқа айтып беремін,
 Абай ата өлеңін.
 Ол – асқар тау, биігім,
 Ол – шалқар көл, тереңім.

Қалады елдің өскенін.
 Жырлады қыс, көктемін.
 Абай жыры сияқты
 Шуақ төгер көкте күн.

77-жаттығу. Мақалдарды толықтырып жаз. Сын есімдердің астын ирек сызықпен сыз.

Әдепті бала арлы бала,
(Қандай?) бала сорлы бала.

Үлкен кісі бастар,
(Қандай?) кісі қостар.

Жақсы бала қуаныш,
(Қандай?) бала өкініш.

78-жаттығу. «Болайықшы осындай» өлеңіндегі сын есімдерді тауып жаз.

79-жаттығу. Ережені еске түсір.
Сын есім дегеніміз не?

БАҚША

80-жаттығу. Сан есім қатысып тұрған сөздер құрастыр.

Үлгі: Бір+лік, ...

81-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз. Заттың санын білдіретін сөздерді тап.

- Үш қап жаңғақ көп пе?
- Бес қап жаңғақ көп пе?
- Үш қап жаңғақ көп емес,
- Бес қап жаңғақ көп.

82-жаттығу. Сурет бойынша сан есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.



83-жаттығу. Есептік сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдырып жаз.

Үш күн, екі орын, тоғыз вагон, жиырма сегіз пәтер, алты үй, он екі мектеп.

84-жаттығу. «Диқан баба» аңызындағы сан есім қатысқан сөйлемдерді тауып жаз.

85-жаттығу. Берілген сан есімдерді өз тобына жаз.

алтыншы

үш

екінші

жеті

қырық

он екі

оныншы

тоғыз

жүзінші

сегізінші

мың

екі жүз

Есептік сан есімдер:

Реттік сан есімдер:

86-жаттығу. Кестені толтыр.

Сандар	Неше?	Нешінші?	Нешеу?
6			
8			
10			
9			
7			
3			

87-жаттығу. Сандарды сөзбен жаз. Жинақтық сан есімдерді тап.

6 ала болса ауыздағы кетеді,
4 түгел болса төбедегі келеді.

88-жаттығу. Жинақтық сан есімдер қатысқан сөздерге сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: Алыстан біреу көрінді.

89-жаттығу. Санамақты жалғастыр.

Бір дегенің – білім,
Білім – жарық күнің.
Екі дегенің – еңбек,
Еңбек бәрін жеңбек.

Үш дегенің – үміт,
Үмітсіз жоқ жігіт.
Төрт дегенің – талап,
Талмайтуғын қанат.

[illegible][illegible]

V ТАРАУ. ЖАС ҮНЕМДЕУШІ ҚОРДАҒЫ АҚШАЛАРЫМ

91-жаттығу. Мақалдағы түсіп қалған сөзді тап және жаз.

1. Адам болам десең, арыңды _____ сатпа.
2. Ақшалының қолы ойнар,
Ақшасыздың _____ ойнар.
3. Ақша ақшаны қимайды,
Дән _____ жинайды.
4. Қарыз алған _____ байымайсың.

ақшаға

көзі

дәнді

ақшамен

92-жаттығу. Оқулықтан пайдаланып Өзбекстан Республикасының ұлттық валютасы жайлы мәлімет жаз.

93-жаттығу. Болжалдық сан есімге қатысты бірнеше зат есім тауып жаз.

Үлгі: Үш-төрт бала, ...

94-жаттығу. Сандарды сөзбен жаз.

1100 кісінің түсін білгенше,
Бір кісінің атын біл.

1 теңге бие болмайды,
2 теңге түйе болмайды.

95-жаттығу. «Ақшаны қайдан аламыз?» мәтініндегі сұраулы сөйлемдерді көшіріп жаз.

96-жаттығу. Төмендегі сөздерге тиісті сөздерді тіркеп жаз.

Бір шымшым, бір жайым, бір салым, бір асым, бір жұтым,
бір ұрттам, бір ауыз.

Керекті сөздер: айран, су, өлең, бұлт, ет, қамыр, тұз.

97-жаттығу. Есептік сан есімдерді топтық сан есімге айналдыр.

Есептік сан есімдер	Топтық сан есімдер
Алты	
Бес	
Тоғыз	
Он алты	
Жиырма бес	
Оттыз	
Жүз	
Мың	

98-жаттығу. Барлық әлемге тән жеті қазынаны жаз.

99-жаттығу. Санамақты оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Адамда қанша бауыр бар?

Қанша өкпе бар?

Бір тоқсанда қанша ай бар?

Есеп шығаратын амал қанша?

Ең үздік баға?

Әлемде қанша құрлық бар?

Бір аптада қанша күн бар?

Малда қанша жілік бар?

Домбыраның пернесі қанша?



Цифрлар қанша?

– Міне, өстіп жаңалап,
Айтып шықтық санамақ.

100-жаттығу. Берілген сандарды сөзбен жаз.

1/6, 2/8, 5/10, 10/50, 2/100, 4/60

101-жаттығу. Меңзердің көрсеткен жолымен, мақалдарды оқы және жаз.



102-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сандарды қойып, жұмбақтарды көшіріп жаз.

Аласа ғана бойы бар
... қабат тоны бар. (...)

... көрші қатар тұрса,
Бірін-бірі көрмейді, (...)

103-жаттығу. Сурет бойынша сан есімді қатыстырып сөйлем құрастыр.



104-жаттығу. Тест.

1. Есептік сан есім қатысқан сөйлемді тап.

- A) Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын төрт нәрсе бар.
- B) Құдасының ауылына Ылжан отыз шақты кісімен келді.
- C) Арада жыл жарым өтті.
- D) Бір үйден он бес-жиырмадан мал өреді.
- E) Мен 3-сыныпта оқимын.

2. Бөлшектік сан есімді тап.

- A) үшінші
- B) отыз бес
- C) бестен-бес
- D) төрттен-бір
- E) екі-үш

3. Күрделі сан есімді тап.

- A) мыңдап
- B) елулерде
- C) жүз

- D) екеу
- E) екі бүтін оннан үш

4. Қай қатардағы сан есімдер арасына дефис қойылады?

- A) алты жетіден
- B) қырық шамалы
- C) сағат төрттерде
- D) он екінші
- E) бір миллион

5. Бірінші, екінші сан есімнің қай түрі?

- A) реттік сан есім
- B) болжалдық сан есім
- C) жинақтық сан есім
- D) есептік сан есім
- E) бөлшектік сан есім

6. Тиісті сан есімді қой.

Ер жігіттің ... сөйлегені – өлгені.

- A) Екі бүтін үш ондық.
- B) Екінші.
- C) Екі-екіден.
- D) Екі.
- E) Екеу.

7. Құрамында үнді дауыссыз дыбысы бар сан есімді тап.

- A) Жеті.
- B) Он.
- C) Отыз тоғыз.
- D) Жүз бес.
- E) Сегіз.

8. Реттік сан есімнің сұрақтарын тап.

- A) Қандай? Қай?
- B) Неше?Қанша?
- C) Нешінші? Қаншасыншы?
- D) Нешеден? Қаншадан?
- E) Нешеу?

9. Жинақтық сан есімді белгіле.

- A) Жетеу.
- B) Белбеу.
- C) Белгілеу.
- D) Істеу.
- E) Нешеу.

10. Сызықшаның орнына тиісті сан есімдерді тауып жаз.

Болар бала бесігінде боспын дейді,

Болмас бала _____ жаспын дейді.

Өр қылған жақсылықтың _____ қайтуы бар.

_____ тістен шыққан сөз, _____
рулы елге тарайды.

Санақ санамай _____ деме, сынап - сынамай
дос деме.

_____ саусақ бірдей емес.

_____ жақсы қас болмас, _____ жаман
дос болмас.

VI ТАРАУ. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МАРС ҚЫЗЫЛ ҒАЛАМШАР

105-жаттығу. Сөйлемдерді түсініп оқы және есімдік қатысқан сөйлемдерді тауып жаз.

Ғалымдар Марста бір кездері өзендер мен көлдер, тіпті теңіздер болған деп есептейді. Арадан миллион жылдар өтіп планетадағы су буланып жоғалып кеткен. Мүмкін, сонау өткен заманда планетада әртүрлі тіршілік иелері болған шығар? Өйткені су бар жерде тіршілік көздері болады. Алайда бұл ғылыми болжам әлі дәлелденген жоқ.

Марс планетасы ежелден бері адамзатты қызықтырып келеді. 3500 жыл бұрын мысырлық астрономдар бұл планета туралы ғылыми еңбектер жазған. Марсты жақыннан көру алғаш рет 1610 жылы Галилео Галилейге бұйырады. Ол өзінің жасаған телескоп көмегінде жұмбақ планетаның қабығын күзетеді.

106-жаттығу. Төменде берілген есімдіктерден пайдаланып сөйлем құрастыр.

осы

бұл

еш

өзің

мен

әлде

барлық

Үлгі: Осы кісіні бір көрген сияқтымын!

107-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жұмбақтарды көшіріп жаз. Есімдіктерді тап.

Екі а...қты, бір ізді,
Үстіне мені мінгізді.
Мінгізгенмен, ол менің
А...ғымды жүргізді.
()

108-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тауып көркем жаз және есімдіктің астын сыз.

Ұшқаны қызық жалпылдап,
Өзі сондай қарқылдақ.

109-жаттығу. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы. Есімдіктерді тауып жаз.

- Өзім білем деген өрге баспас.
- Сен салар да мен салар, атқа шөпті кім салар?
- Не ексең, соны орасың.
- Біреу жаныңа жолдас, біреу малыңа жолдас.
- Әркім өз бойына қарап тон пішер.

110-жаттығу. «Құс жолы» мәтініндегі **бұл, олар, осы** есімдіктер қатысқан сөйлемдерді тауып жаз.

111-жаттығу. Ережені еске түсіріп жаз.

Негізгі есімдіктер	Туынды есімдіктер
Мен	Кейбіреу

112-жаттығу. «Робот» мәтініндегі ол, өзі есімдіктері қатысқан сөйлемдерді тауып жаз.

113-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз. Есімдіктерді тауып, оларға сұрақ қой.

Түстен соң біз үйірге бардық. Ол жерде түрлі роботтардың қызметі жайлы білімдерге ие болдық. Әрқайсысы өз өнерін көрсетті. Роботтар достарыма қатты ұнады.

Роботатехника үйірмесі балалардың қызығушылығын оятты. Бәріміз көтеріңкі көңілмен үйге оралдық.

114-жаттығу. «Кішкентай робот туралы» ертегідегі қарамен жазылған сөздерді теріп жаз және сөйлем құрастыр.

Үлгі: Сен роботтарға қызығасың ба?

117-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап және жаз. Есімдіктің астын сыз.

Қарап тұрсаң өзіңе,
Сурет түсер көзіңе,
Ол суретің ұқсайды,
Тұра сенің өзіңе.

Ағайынды бәрі,
Шықса жасыл,
Түссе сары.

118-жаттығу. Мақалдарды оқы, етістіктерді теріп жаз.

- ✓ Жауға жалынба, досқа тарылма.
- ✓ Ағын су арнасын табады.
- ✓ Ауру аздырады, суық тоңдырады.
- ✓ Ақылды қазы да кейде аңғал шешім айтады,
Ақылсыз бала да кейде ойнап атып тигізеді.

119-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Сұрақ қою арқылы заттың қимылын білдіретін сөздерді тауып жаз.

Кім не істеді?

Атам мал бақты,
Апам от жақты,
Ағам отын үйді,
Жеңгем тары түйді,

Әкем жүк түсірді.
Анам ас пісірді,
Өпкем суға кетті,
Қанша адам еңбек етті?

120-жаттығу. Кім жылдам? Берілген етістікке қарама-қарсы етістікті тауып жаз.

Келді – _____ көтерді – _____
Тұрды – _____ шықты – _____
Күлді – _____ Жинады – _____
Тазалады – _____ Ашты – _____

121-жаттығу. Берілген кесте бойынша етістіктерге қатысты сөздер ойлап тап. Ойлап тапқан етістіктерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

С	а	л	д	ы
С				
С				
С				

К	ү	т	т	і
К				
К				
К				

ТЕЛЕСКОП – КӨККЕ ҚОЙЫЛҒАН БАСПАЛДАҚ

122-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті етістікті тауып жаз.

Қанат кітап Арман хат Айжан мен Марат Самарқант-
та Асан мен Үсен Динара мен Айдос үйге Анасы
Маржанды дүкенге Нұрайлым қолын сабынмен

123-жаттығу. Жұмбақты жатқа жаз. Етістіктерді тауып сұрақ қой.

Құстан аумайды,
Көкте заулайды.
(_____)

124-жаттығу. Төменде берілген етістіктерден пайдаланып сөйлем құрастыр.

жазды

сызды

тексерді

оқыды

125-жаттығу. Берілген сөздерге тиісті етістікті тауып жаз.

Жел _____

Күн _____

Жаңбыр _____

Қоңырау _____

Тапсырма _____

Найзағай _____

Мақсат _____


Айдана _____

Таң _____

Аселя _____

126-жаттығу. «Планетарий» мәтініндегі етістіктерді тауып жаз.

127-жаттығу. Ағаш бұтақтарындағы етістіктерді теріп жаз.



128-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз. Қарамен жазылғандар қандай сөздер? Олардың мағынасын бір-біріңе түсіндіріп көріңдер.

Атам бақ **аралады**,
Ағам тал **аралады**.
Апам көл **аралады**,
Асыл ат тағалады.

129-жаттығу. Мысал келтір.

Негізгі етістіктер	Туынды етістіктер

130-жаттығу. Берілген зат есімдерден туынды етістік жасап жаз. Өзің қалаған 2-3 туынды етістіктен пайдаланып сөйлем құрастырып жаз.

жыр

шеге

ой

тұз

131-жаттығу. Болымды етістіктерді болымсыз етістіктерге айналдыр.

Болымды етістіктер	Болымсыз етістіктер
Бар	
Кел	
Айт	
Жаз	
Оқы	


Бўр	
Жўл	
Кес	
Бөл	

132-жаттығу. Өлең жолдарындағы болымсыз етістіктерді тауып сөйлем құрастыр.

Тыйса егер ата-анаң,
Ғаламторды кей кезде
Ашуланып құр босқа
Ақылынан сен безбе

Ғаламтордан өзгерек,
Кітап досты ұмытпа.
Сан ойынға шырмалып,
Түсіп қалма құрыққа.

133-жаттығу. Шашылған бөлшектерді (пазлдарды) дұрыс құрастыр. Қандай мақал жасырынған. Болымсыз етістіктің астын сыз.



134-жаттығу. Көп нүктенің орнына екінші бағандағы етістіктердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Бауыржан компьютерде ойын
Нұрдос телефонда ән
Жанерке есеп
Ердос бүгін телефон

тыңдады
шығарды
ойнады
ойнамады

135-жаттығу. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Етістіктерді теріп жаз.

Көк алап киім киеді,
Күннің көзін сүйеді.
(_____)

Көрсетеді,
Сөйлейді,
Өзі ешкімді көрмейді.
(_____)

VII ТАРАУ. ТІЛ – КӨҢІЛДІҢ АЙНАСЫ

СӨЗБЕН СӨЗДІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

136-жаттығу. Жұмбақты көшіріп жаз, шешуін тап. Үстеулердің астын сыз.

Таңертең бар, кешке жоқ,
Кеш түгілі түсте жоқ.
Мен әдемі моншақпын,
Ірі емеспін, ұсақпын.
Мойнына ешкім таға алмас,
Мендей мөлдір таба алмас. (_____)

137-жаттығу. Берілген сөздерді етістіктермен тіркестіріп жаз.

Былыр, күндіз, төмен, кенеттен, алда, жоғары.

138-жаттығу. «Әке аманаты» әңгімесіндегі қарияның сөзін тауып жаз.

139-жаттығу. «Дүниеде не өлмейді?» әңгімесіндегі үстеулерді тауып жаз.

140-жаттығу. Сөйлемдегі үстеулерді тап, астын сыз.

1. Жандос асықпай келе жатты. 2. Таңертең күн бұлттанды. 3. Олар ілгері жүріп кетті. 4. Айгерім қазір келді. 5. Мен жұмысқа ерте кетемін. 6. Айман қонақтарды мұнда ұзақ күтті.

141-жаттығу. «Сөз сыры» мәтінінен пайдаланып төмендегі сөздердің мағынасын жаз.



142-жаттығу. Мақалдары көшіріп жаз. Үстеулердің астын сыз.

Жаздыгүні жыланнан қорыққан,
Қысты күні ала жіптен аттамас.

Шаруа
Жазда жазылады,
Қыста қысылады.

143-жаттығу. «Жақсылық артынан жақсылық келеді» мәтінінен Қайда? Қайдан? сұрақтарына жауап беретін сөз қатысқан сөйлемдерді көшіріп жаз.

144-жаттығу. Мысал келтір

Қайда? төмен	Қашан? Бүгін	Қалай? Ілгері

ЕСІМДЕР ҚАНДАЙ ҚОЙЫЛАДЫ?

145-жаттығу. Нұр және дос сөзі қатысқан он есім жаз.

Үлгі: Айнұр, Елнұр, Досбол...

146-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап және үстеудің астын сыз.

Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр
Дабылдап дабылын ол қағып тұр.

147-жаттығу. Үстеу сөздерді қатесіз көшіріп жазыңдар.

Өзір, бағана, бұрын, әлде, әрең, дереу, мүлде, ерте, тіпті, кешке, оңаша, әлі, жылдам, құр, алдында, ілгері, таңда, кеше, асықпай, іште, тыста.

148-жаттығу. Берілген сын есімдерге сұрақ қой және етістікпен байланыстырып жаз.

әрең	ілгері	асықпай	тез	бағана
көктемде	жедел	жоғары	тыста	үнсіз

Үлгі: Әрең сөйледі.

149-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз, үстеулердің астын сыз.

Атам менің әманда
Әдепті жан бол деген.
Ә. Асылбеков

Қалада өскен Манарбек
Айтты бірде маған кеп:
«Жазда ауылға барам!» деп.
Қ. Баянбаев

150-жаттығу. «Абай» мәтініндегі екінші хатбасын көшіріп жаз.

151-жаттығу. «Есімдер» өлеңіндегі кісі аттарын тауып жаз.

152-жаттығу. Жақша ішіндегі сұрақтарға жауап бер, тиісті үстеулерді қойып сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Ол шың басына (қалай?) шықты.
2. Айдос қарт кісіге (қалай) көмек берді.
3. Әкеңе жетем десең, (қалай?) жүр.
4. Сұрақтарға (қалай?) жауап бер.
5. (қалай?) сөйле.

153-жаттығу. Ойла, ізде, тап және жаз!

Жоғары	келдім
Асықпай	шықтым
Өрең	жүрдім
Ілгері	жедім
Төмен	жаздым
Тез	түстім

ӘДЕМІ СӨЙЛЕУ

154-жаттығу. Берілген үстеулерге қатысты бірнеше етістік тауып жаз.

жылдам

тез



асықпай

шалқасынан

дереу

Үлгі: Жылдам жүрді жылдам келді, жылдам жүгірді...

155-жаттығу. «Сөз табу» ойыны сызбадағы сөздердің бірінші әрпі қалдырылып жазылған. Берілген сөздердің барлығына ортақ сол әріпті шеңбер ішінен тап және жаз.



Оқта, сөзбе, жол,
бүгін, әрі.

Сөз, текте, жөнекей
ертең, бері

Үлгі: оқта-текте

[illegible]

158-жаттығу. «Алтын сөз» өлеңіндегі атаның балаларға арнап айтқан батасын тауып жаз.

159-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Үстеулердің астын сыз.

1. Сенің шырқаған әнің өте жақсы. 2. Лашын тым жоғарыда ұшатын құс. 3. Қарияға көмек бергенің тіпті жақсы. 4. Әсемнің күнделігі кілең бестік бағаға толы екен. 5. Жұмысшылар әбден шаршады.

160-жаттығу. Үстеулерді тап және жаз.

1. Таудың суы төмен түсіп келеді. 2. Ақын сөз соңын ақырын айтты. 3. Өннің дыбысы баяу естіліп тұр. 4. Балалар жылдам жүгіріп келеді. 5. Ата-анамның туған жері осында.

161-жаттығу. «Сөз» туралы төрт мақал жаз.

VIII ТАРАУ. ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

162-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып мақалды жаз.

Өнер алды ...,
Ырыс алды

тірлік

жастан

Өнерлінің ... алтын,
Өлеңшінің ... алтын.

бірлік

қолы

Асыл ... шығар,
Өнер ... шығар.

тастан

сөзі

163-жаттығу. Сурет негізінде сөйлем құрастыр. Сөйлемде еліктеу сөздер қатыссын.

Үлгі: Артымызға қарасақ қорбаң-қорбаң етіп аю да жетіп қалыпты.





164-жаттығу. Берілген сөздердің ішінен еліктеу сөздерді тауып жаз.

Гүрілдеп, зырылдап, тарс, мырс, қорбаң-қорбаң, қылт, зуылдап, тырс, шылп, дүрсілдеді, қаңқ, қаңқылдады, күмп, жалт, жалтырады, сұңқ, шаңқ, лау, лаулады, дір.

165-жаттығу. Жұмбақтардың жауабын тап және еліктеу сөздердің астын сыз. Еліктеу сөздерге екі сөйлем құрастыр.

Жылт-жылт еткен,
Жырадан өткен

Сылдыр қағып,
таудан құлап,
Жатыр ағып.

166-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті еліктеу сөздерді қойып жаз.

1. Асанның үрейі ұшып, жүрегі аузына тығылып, ... етеді.
2. Алыстан ергежейлі біреу ... басып келе жатты.
3. Бір ырғақпен ... етеді.
4. Қатты қорыққаны соншалық денесі ... етеді.
5. Рысқұл түкке түсінбей, бұл ... аяғымдағы кісеннің дыбысы шығар деп қалған.

Қажетті сөздер: шыр-шыр, маң-маң, гүрс-гүрс, қалш-қалш, салдыр-күлдір.

167-жаттығу. Мына еліктеуіш сөздердің сыңарларын тауып жазыңдар.

Зып-..., жарқ-..., сарт-..., жалт-..., гүрс-..., тарс-..., гу-...,
тырс-..., тасыр-....

САЯХАТШЫЛАРЫ КӨП МЕМЛЕКЕТ

168-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті еліктеу сөздерді қойып, көшіріп жаз.

1. Найзағай ... етіп, күн күркіреді. 2. Кішкене сәби ... етіп жылады. 3. Есік ... етіп ашылып, біреу кірді. 4. Көліктің ... еткен дауысынан Мақсат шошып тұрды. 5. Радионың дауысына балалар ... ете қалды. 6. Жүрегім ... ете қалды.

Қажетті сөздер: шыр-шыр, зу, гүр-гүр, жарқ-жұрқ, сықыр, елең.

169-жаттығу. Берілген сөйлемдерден дыбыстық еліктеуіш сөздерді бір бөлек бейнелеуіш сөздерді бөлек көшіріп жазыңдар.

Жел күшейе бастады. Бір кезде сатыр-сұтыр сынған бұтақтардың дауысы естілді. Аспан жарқ етті. Өсеттің апасы бүгжең-бүгжең басады. Қарға қарқ етті. Қаршыға шап етті. Тоқылдақ тоқ етті. Далада қар күмісше жалт-жұлт етеді.

170-жаттығу. Сөйлемде түсіп қалған шылауларды тап және сөйлемді көшіріп даз.

Анара ... Айша серуендеді. Жандос ... Жанар ойнады. Гулмира ... Елмира сабақ дайындады. Асел ... Гүлім киноға барып, бір сергіп келді. Марат ит ... мысықты қатты ұната-тыны соншалық оларды әрдайым тамақтандырып жүреді. Бүгін ... ертеңде үйде қонақтар болады.

171-жаттығу. Сөйлемде шылауларды тап және астын сыз.


1. Жыртқыш құстардың мықты қанаттары мен аяқтары, қырағы көзі, үшкір тұмсығы және тұтқыр тырнақтары болады.
2. Құстың денесі мамықпен және қауырсынмен жабылған.
3. Өзен мен көлдердің суы тұщы болады.

172-жаттығу. Сөздерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып жаз.

Қала ... ауыл, құс...аң, жазу...сызу, жұмбақ...жаңылтпаш, камзол...шапан, бөрік...тақия, үлкен ... кіші, балалар ... қыздар.

173-жаттығу. Сөзжұмбақты шеш және қандай шылау пайда болды? Сол шылауды қатыстырып сөйлем құрастыр.

1. Жыртқыш аң.
2. Әкеңнің анасы саған кім болады?
3. Бір өркешті түйені не деп атайды?
4. Батыр сөзіне мәндес сөзді ата.



174-жаттығу. -ба, -бе, -да, -де, -та, -те, -па, -пе, -та, -те шылауларын қатыстырып сұраулы сөйлем құрастыр.

ҚОЛ ӨНЕРІ

175-жаттығу. «Қазақ ою-өрнегі» мәтініндегі мен шылауы қатысқан сөйлемді көшіріп жаз.

176-жаттығу. Түсініп оқы, мысал келтір.

Егер байланысып тұрған екі сөздің бірінші сөзі қатаң дауыссыз дыбысқа аяқталса **пен** жазылады.

Егер байланысып тұрған екі сөздің бірінші сөзі ұяң дауыссыз дыбысқа аяқталса **бен** жазылады.

Егер байланысып тұрған екі сөздің бірінші сөзі үнді дауыссыз дыбысқа және дауысты дыбысқа аяқталса **мен** жазылды.

Және шылауы сөйлем ішінде сөзбен сөзді байланыстырады. Оны мен, бен, пен шылаулардың орнына қолдануға болады.

177-жаттығу. Мақалдан шылауларды тап және көркем жаз.

Талабы жоқ жас та бір,
Қанаты жоқ құс та бір.

Туған жердің ауасы да, даласы да шипа.

Адал дос алтыннан да қымбат.

178-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды тауып жаз.


Алтынды ала білген,
Бөле ... біледі.

Жігіт адамға жетпіс өнер ... аз.

Қорқақ көлеңкесінен ... қорқады.

Ойнап сөйлесең ... , ойлап сөйле.

179-жаттығу. «Құрақ құрау» ойыны. Құрақтағы шылауларға сөз құра.



КІТАПТАН АРТЫҚ ДОС ЖОҚ

180-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап және шылаулардың астын сыз.

Өңім бе бұл, түсім бе,
Адамы көп ішінде.
Бір ғажайып жәшік тұр,
Барлық сырды шашып тұр.

181-жаттығу. Үшін, туралы, дейін (шейін) шылауларының тиістісін қойып жаз. Тыныс белгілерді қой.

1. Әжем маған Батырлыр жыры _____ кітап алып берді. 2. Аналар бөбектер _____ түн ұйқысын төрт бөледі. 3. Таңнан түске _____ ойнадық. 4. Үйден мектепке _____ баратын жол алыс емес. 5. Таңнан түске _____ кітапханада болдым. 6. Жақсы оқу _____ тынымсыз әрекет керек.

182-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, шылауларды тап.

1. Ерден атай Ер Төстіктің достары – Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар туралы әңгімеледі. 2. Спортшы қыз қызыл таспаны желбіреткен күйде бұрылысқа дейін барды. 3. Талай ер – азаматтар бейбітшілік үшін құрбан болды. 4. Кешке шейін бір жауабын беру керек.

183-жаттығу. Берілген сөйлемдердегі шылауларды тауып жаз.

1. Асан ұлтарактай жеріне егін егіп, Қасен өзінің аз ғана малын бағып, күн көріпті. 2. Қасен, сен оны өз жеріңнен қазып алдың ғой. 3. Бақтың қақпасы тек қана жарлы-жақыбайларға айқара ашылады. 4. Мынау ғажайып бақ қой! 5. Көп кешікпей-ақ «Құлазыған жапанда ғажайып бақ орнапты» деген хабар бүкіл елге тарайды.

184-жаттығу. Кітап туралы мақал-мәтел тауып жаз.

185-жаттығу. Сызықшаның орнына тиісті шылауларды жаз.

1. Сенің мектепке баруың керек _____. 2. Дәптеріңді алып келе _____. 3. Кешегі жиналысқа Әлібек _____ келе алмады. 4. Сен ол кітапты кітапханадан _____ ала аласың. 5. Ертең келмей-ақ _____. 6. Шырағым-ау, сонша қиналдың _____. 7. Біз оқушыларға көмектесеміз _____?

ЕРТЕГІЛЕР ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

186-жаттығу. Ертегілер қалай басталады? Көркем жаз.

187-жаттығу. Ережені еске түсір. Одағай сөздерді жаз.

Үлгі: пай-пай, шіркін ...

188-жаттығу. Одағайларды жалғастыр.

1. Көңіл-күйді білдіреді: Өттең, ...

2. Шақыруды білдіреді: көс-көс, ...

3. Жекіруді білдіреді: Тәйт, ...

189-жаттығу. «Дамино» ойыны, одағай сөздерді тауып жаз.

а	л	а	қ	а	й
ж	е	т	ә	й	т
ж	ә	м	е	з	е
к	к	ө	к	ө	п
а	һ	п	а	һ	п

190-жаттығу. Семантикалық карта. + белгісін қой.

Одағай	Көңіл-күй	Шақыру	жекіру
ей			
апырау			

түү			
эттең			
мәссаған			
шөре-шөре			
жә			
шеп-шеп			
кә-кә			
шіркін			
о-һо			
әукім-әукім			
кіс-кіс			
ойбай			

191-жаттығу. Сурет негізінде сөйлем құрастыр. Сөйлемде одағай сөздер қатыссын.



IX ТАРАУ. ҚҰҚЫҚЫМЫЗ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ ӨЗІМ САТЫП АЛАМЫН

192-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөздеді қойып сөз тіркесін толықтырыңдар.

... гүлі, ... құмған, қамыс ..., темір ..., орман ..., ... ақсақалы, ... директоры.

Керекті сөздер: мектеп, ауыл, алма, алқабы, тор, ши, тымақ.

193-жаттығу. Екі топтағы сөздерді байланыстырып жазыңдар.

Үш, алтын, жас, ақылды, көгілдір, өнерлі, әнші, жас, білімді.

Арыс, алқа, бала, оқушы, аспан, жігіт, балапан, ұлан, қыз.

194-жаттығу. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойыңдар. Әрбір сөздің сұрағын үстіне жазыңдар.

1. Айдын мектепке келді. 2. Балаларға цирк ұнады. 3. Атам төрге жайғасты. 4. Балалар да ойнады.

Х ТАРАУ. ОҚУ ЖИЛЫ СОҶЫНДА ҚАЙТАЛАУ

195-жаттығу. Мысал келтір.

Зат есім	Сын есім	Сан есім
алма	Қызыл	алтау

196-жаттығу. Мысал келтір.

Есімдік	Етістік	Үстеу
Ол	Келді	тыстан

197-жаттығу. Мысал келтір.

Еліктеу сөздер	Шылау	Одағай
тысыр	үшін	апырау

O'quv nashri

ONA TILI VA O'QISH SAVODXONLIGI

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
3-sinfi uchun darslik
(Qozoq tilida)*

Суретші Ферузбек Матякубов
Редакторы Айдын Тәжібаева
Көркемдеуші редакторы Сарвар Фармонов
Техникалық редакторы Акмал Сулаймонов
Дизайнер Дилмурод Мулло-Ахунов
Компьютерде беттеген Шахобиддин Махмадиев
Корректор Дилнура Байдиллаева

Басуға 09.04.2022 жылы рұқсат етілді.
Пішімі 70×90 1/16. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 14. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 7,0.
Есептік баспа табағы 5,43.
Таралымы Тапсырыс № ____